«№19 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Хаттама №3

Құлсары қаласы 03. 09. 2024 жыл

Қатысқандар: 9
1. Мектеп директоры: Шиганбаева К
2. Хатшы : Тілеубаева А

Күн тәртібінде:
1.Мектепте бір мезгіл берілетін тегін ыстық тамақ жөнінде және мектеп асханасының тазалығын тексеру туралы.
Тыңдалды:
Мектеп директоры: Шиганбаева К сөз сөйледі .Биылғы оқу жылында мектепке 1-4 сынып оқушылары мен аз қамтылған отбасы балаларына бір мезгіл тегін ыстық тамақ берілетіндігін және осы тегін ыстық тамақты қадағалайтын мектеп директорының бұйрығымен төмендегідей құрамда комиссия мүшелері бекітілетіндігін және осы комиссия мүшелері мен бірге мектеп асханасына тексеру жұмыстары жүргізілгенін айтып өтті.
1. Шиганбаева К - комиссия төрағасы, мектеп директоры
2. Дюсенова Айнұр- комиссия мүшесі, оқу ісі жөніндегі орынбасар
3. Баспаева Гүлшат - комиссия мүшесі, оқу ісі жөніндегі орынбасар
4. Сүндетова Багдагүл - комиссия мүшесі, тәрбие ісі жөніндегі орынбасар
5. Тілеубаева Алтын - комиссия мүшесі, әлеуметтік педагог
6. Райымбердиева Жадыра - комиссия мүшесі, ата-аналар кеңесі төрағасы
7. Аманова Асел - комиссия мүшесі, тәлімгер
8. Қалусариева Гулбарам - комиссия мүшесі, шаруашылық ісі жөніндегі орынбасар
9. Рысқалиева Әсел - комиссия мүшесі, медициналық пункттің медицина қызметкері
Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Тұрниязоваға сөз берліді.Ол өз сөзінде комиссия мүшелері оқу жылы бойы оқушылардың күнделікті тамаққа қатысын бақылап және де мектеп асханасының тазалығын тексеру жұмыстары жүргізілетіндігін, тексеру барысында мектеп асханасының бракеражды журналдарды уақытында толтырылған, аудандық санитарлық-эпидемеологиялық қадағалау комитетінің рұқсатымен бекітілген II апталық ас мәзірі бар екенін күнделікті пісірілетін астың мөлшері, сапасы,астың әр түрлі аурулардың туындамауының алдын алуға байланысты жасалғанын асхана іші таза жарық, асханада пайдаланатын ыдыс аяқтар өз орнына қойылғанын .Асханадағы кәсіпкер, аспазшы,аспазшы көмекшілерінің жыл сайынғы уақытында медициналық тексерістен өткендігін айтып өтті.
Тәрбие ісінің меңгерушісі: Сүдетова Багдагүл жұмысты дұрыс ұйымдастыру мақсатында жанжақты бақылау жасап отырғандарын. Аптасына бір рет таңертең ерте келіп тамақты дайындау технологиясын қарағандығын күнделікті бақылаудың үздіксіз жүріп отыратындығын айтты.
Мектеп медбикесі Ә.А. Рысқалиева Тамақ сапасының талапқа сай жасалынып отырғандығын , қызметкерлердің санитарлық кітапшаларының бар екендігін айтты.
Шешім:
1.Мектеп асханасында бракераж комиссиясының санитарлық жағдайының бақылау жұмысы жалғастырылсын.
2.Ыстық тамақпен қамтамасыз ету қызметі келісімге сәйкес үнемі комиссия тарапынан бақылауда болсын.
3.Мектеп асханасы тазалық жұмыстары қатан бақылауға алынсын

Комиссия төрайымы: Шиганбаева К
Хатшы: Тілеубаева А